

Тамырлы хирургия бөлімшесі

Бөлімшенің құрамында 34 төсек бар, операциялық араласу үшін қажетті құралдармен жабдықталған 2 залдан тұратын өзінің операциялық блогы бар. Бөлімше жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызу режимінде тәулік бойы жұмыс істейді. Бөлімше қызметкерлері - әлемнің үздік орталықтарында (Ресей, АҚШ, Германия, Латвия) маманданудан өткен, магистралдық тамырлардың түрлі ауруларын емдеуде үлкен тәжірибесі бар жоғары білікті дәрігерлер. Бөлімшенің функциялары: санитариялық авиация желісі бойынша қан тамырлары аурулары мен жарақаттары бар пациенттерге шұғыл көмек көрсету. Жыл сайын әртүрлі тамыр аурулары бар науқастарға 1000-нан астам операция жасалады.